

Қосшыда биыл бесінші мәрте өткелі отырған жастардың ең ауқымды жобаларының бірі – дәстүрлі «Қосшы аруы-2026» сұлулық байқауына іріктеу басталды.

Бас жүлде – Дубайға жолдама! Оған қаламыздың 18-25 жас аралығындағы өнерлі, сұлу, талантты арулары арасынан ең лайықтысы таңдалады.

Іріктеу мерзімі: 1-10 ақпан аралығы.

Қосымша ақпарат: қалалық жастар ресурстық орталығы.

Байланыс нөмірі: +7 (747) 285 37 56.




Құрметті Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының тұрғындары!

Қанат Әлжапбаров сахнада жүргеніне 15 жыл толуына орай, қазір еліміздің облыс орталықтарын аралап, халыққа керемет көңіл күй сыйлап жүр. Осы жолы Қосшы қаласына ат басын бұрмақ.

**Өтетін орны:** Қоғамдық мәдени-спорт кешені

**Өтетін күні:** 10 ақпан, 2026 жыл.

**Басталуы:** 18:30.




Көрерменнің көңілінен шыққан, елге танымал «Алдараспан» театры – Қосшы қаласында!

Сахнада – шынайы өмірден алынған күлкілі көрініс, өткір әзіл, тапқыр қалжың және көтеріңкі көңіл күй!

**Өтетін орны:** Қосшы қаласы, Республика көшесі, 11.

**Күні:** 6 наурыз.

**Басталатын уақыты:** 18:00 және 20:00.

**Байланыс телефоны:**
8 707 603 00 98.

Jańa Bastau

№4 (194)
31 ҚАҢТАР
СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

# ҚОСШЫЛЫҚТАР ЖАҢҒЫРТҚАН РЕКОРД ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛЕНДІ

Астана қаласындағы Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Азия және Африка елдері бойынша GBR (GLOBAL BEST of RECORDS) дүниежүзілік рекордтар кітабының ресми халықаралық тұсаукесері өтті. Осылайша, бұл мәдени-тарихи шара әлемдік деңгейдегі жетістіктерді тіркеу ісіндегі жаңа кезеңнің басталғанын айғақтады.

QR-код арқылы қараңыз



Салтанатты рәсімде GBR дүниежүзілік рекордтар кітабының Азия және Африка елдері бойынша бас тіркеу офицері Қуандық Құдайбергенов Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкейұлына, сондай-ақ мәдениет саласының шығармашылық ұжымына рекордтық белгіні табыс етті. Бұл марапат Қосшы қаласының 2025 жылы қала мәртебесіне ие болғанына 4 жыл толуына және қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына орай ұйымдастырылған ауқымды мәдени іс-шара нәтижесінде берілді.

Атап айтқанда, Қосшы қаласында вальс биінен 307 жұптың (614 адам) бір мезетте өнер көрсетуі арқылы әлемдік рекорд орнатылған болатын. Осылайша, қазақстандық өнерпаздар 2022 жылы Австрияның астанасы – Вена қаласында тіркелген алдыңғы рекордты жаңартып, ұлттық мәдениетті халықаралық деңгейде тағы бір мәрте мойындатты.

Рәсім барысында сөз сөйлеген Қуандық Құдайбергенов бұл шараның маңызын ерекше атап өтті.

– Бүгін жай ғана кітаптың тұсауын кесіп тұрған жоқпыз. Біз адамзат ұлылығын, табандылығы мен бірлігін мойындайтын жаңа жаһандық платформаның дүниеге келуіне куә болып отырмыз. Әрбір рекорд – жай сан немесе көрсеткіш емес, тәртіптің, қажыр-қайраттың, құрбандық пен сенімнің тарихы, – деді ол.

Бас тіркеу офицерінің айтуынша, бүгінде GBR әділ, ашық және кәсіби рекордтарды тіркеудің халықаралық жүйесін қалыптастырып келеді. Мұнда атақ пен даңқтан гөрі нақты дәлел, жасанды дабырадан гөрі тарихи шынайылық басты орында.

– Бүгінде Астана Азия мен Африка елдері үшін әлемдік рекордтар астанасына айналып отыр. Бұл – кездейсоқтық емес. Қазақстан – диалогқа, мәдени тепе-теңдікке және ауқымды ойлауға қабілетті мемлекет. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, GBR командасына, халықаралық сарапшыларға, серіктестерге, рекорд иелеріне және бұл идея әлі батыл арман болған сәтте-ақ сенім артқан барша азаматтарға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Қуандық Құдайбергенов.

Сондай-ақ ол бұл тұсаукесердің дүниежүзілік жетістіктер тарихында жаңа тараудың басталуы екенін атап өтті.

Аталған шара Қазақстанның мәдени әлеуетін, ұйымдастырушылық мүмкіндігін және ұлттық өнердің жаһандық кеңістіктегі беделін тағы бір мәрте айқындап берді. Ал Қосшы қаласының осы бір жетістігі – тұтас елдің ортақ мақтанышы. Енді бұл рекордтар тарихында қазақ мәдениетінің алар орны айрықша екенін дәлелдейтін маңызды белес болып қала бермек.

**Ерік ЕЛЕУСІЗ**

# ҚАУІПСІЗДІКТІ БІРГЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЙІК

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

**Құрметті Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылының тұрғындары мен қонақтары!**

Биыл ақпан айының 2-4 аралығында Қосшы қаласында «Отбасы – қауіпсіздік аумағы» атты акциясы өтеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы – ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Оның тиімділігі жалпы еліміздегі құқықбұзушылықтардың жай-күйі және мемлекетіміздің болашағын қамтитын отбасы институтының дамуына байланысты.

Әйелдердің құқығын қорғау, отбасылық құндылықтарды сақтау, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері Мемлекет басшысы мен Ішкі істер министрлігі басшылығының ерекше бақылауында. Шымкент қаласында бойжеткен қыздың ұрланып, мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығарылуы және кейін өлтірілуі не байланысты оқиға қоғамда кең наразылық (резонанс) тудырды.

Мемлекет басшысы атап өткендей: «Алып қашу – біздің ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел және айуандық қылмыстар. Бұндай қатыгез әрекеттерге мүлде жол беруге болмайды».

Мұндай жағдайлар біздің қалада да жоққа шығарылмайды. Өйткені қалыңдықты ұрлау сияқты ескірген дәстүрлер елдің барлық аймағында жалғасып жатыр.

Аталған акция жұртшылықты әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, отбасының қоғамдағы рөлін нығайтуға қатысты қабылданып жатқан шаралар туралы ақпараттандыру мақсатында өткізіледі.

Осыған орай отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша «111», «105» бірыңғай мемлекеттік сенім телефондары жұмыс істейтінін және Қосшы қаласы полиция бөлімінің «102» нөміріне, учаскелік полиция бөлімшелеріне, сондай-ақ Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторларына 8 705 529 00 80, 8 702 127 17 67 телефондары арқылы хабарласуға болады.

Үнсіз қалмаңыз! Біз – біргеміз!

***Әсел ҚАЛИБЕКОВА,***
**Қосшы қаласы ПБ ҚҚБ ОТЗЗҚК тобының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау инспекторы, полиция капитаны**

«Алсана Астана» ЖШС, БСН 130940011579 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 92/2 үй, 54 пәтер. Тел.: 8 701 257 91 19

ТОО «Алсана Астана», БИН 130940011579 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении 2 месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, пр.Абая, д. 92/2, кв. 54. Тел.: 8 701 257 91 19

«BUSINESS CONSULTING GROUP KZ» холдинг компаниясы» ЖШС, БСН 180440034955 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 5/1 ғимарат. Тел.: 8-707-268 56-14

ТОО «Холдинговая компания «BUSINESS CONSULTING GROUP KZ», БИН 180440034955 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Сарайшык, здание 5/1. Тел.: 8 707 268 56 14

«Профессиональный доктор» ЖШС, БСН 150140016910 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Желтоксан көшесі, 40 үй, 47 кеңсе. Тел.: 8 701 233 31 07

ТОО «Профессиональный доктор», БИН 150140016910 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарка, ул. Желтоксан, д. 40, офис 47. Тел.: 8 701 233 31 07

«КВАЗАР» ЖШС, БСН 940340000362 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Өңтүстік -шығыс тұрғын ауданы, Нұрхан Ахметбеков көшесі, 47 үй. Тел.: 8 707 335 20 82

ТОО «КВАЗАР», БИН 940340000362 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарайшык, ж/м Юго-Восток (правая сторона), ул. Нурхан Ахметбеков, д. 47. Тел.: 8 707 335 20 82

«U-nord»,ЖШС, БСН 190440006941 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын ауданы, (оң жағы), Жайдарман жолағы, 1 үй. Тел.: 8 778 778 86 81

ТОО «U-nord», БИН 190440006941 сообщает о свое ликвидации.Претензии принимаются в течении 2 месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ж/м Юго-Восток (правая сторона), переулок Жайдарман, д.1. Тел.: 8 778 778 86 81

«Винсер» ЖШС, БСН 161040013570 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Ақ-Бұлақ-2, Сарыкеңгір жолақы, 1 үй, 16 кеңсе. Тел.: 8 701 999 08 86

ТОО «Винсер», БИН 161040013570 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Астана, р-н Алматы, ж/м Ақ- Булак-2, переулок Сарыкенгир, д. 1, офис 16, тел.: 8 701 999 08 86

«Qaz server systems» ЖШС, БСН 160140007150 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, 22 үй, 96 кеңсе. Тел.: 8 702 627 49 71

ТОО «Qaz server systems», БИН 160140007150 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, пр. Мангилик Ел, дом 22, офис 96, тел.: 8 702 627 49 71

«ALBATECH HOLDING» ЖШС, БСН 200340002197 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 33 үй. Тел.: 8 700 606 77 02

ТОО «ALBATECH HOLDING», БИН 200340002197 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Динмухамед Конаев, д. 33. Тел.: 8 700 606 77 02

«MASTER BUILDING GROUP» ЖШС, БСН 241240025340 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Железнодорожный тұрғын ауданы, Ащысай көшесі, 5В үй. Тел.: 8 707 569 32 20

ТОО «MASTER BUILDING GROUP», БИН 241240025340 сообщает о своей ликвидации.. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, ж/м Железнодорожный, ул. Ащысай, д.5В. Тел.: 8 707 569 32 20

«Джеки» ЖШС, БСН 250440019580 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Тұпқараған ауданы, Сайын Шапағат ауылдық округы, Сайын Шапағат ауылы, Квартал IV квартал, 188 үй. Тел.: 8 778 349 29 78

ТОО «Джеки», БИН 250440019580 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Мангистауская обл.,Тупкараганский р-н, сельский округ Сайын Шапагатов, с. Сайын Шапагатов ул. Квартал IV квартал, д.188. Тел.: 8 778 349 29 78

«Smart Move Trading» ЖШС, БСН 20111432194 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Тобольский көшесі, 85 үй. Тел.: 8 771 317 09 36

ТОО «Smart Move Trading», БИН 20111432194 сообщает о своей ликвидации претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Костанайская обл., г Костанай, ул.Тобольская, д.85. Тел.: 8-771-317-09-36

«MEGA MARKETING» ЖШС, БСН 210440038728 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 19 ғимарат. Тел.: 8 747 399 20 89

ТОО «MEGA MARKETING», БИН 210440038728 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байконыр, ул. Амангелді Иманов, зд.19. Тел.: 8 747 399 20 89

«AsRoom» ЖШС, БСН 191240025943 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 36 үй. Тел.: 8 778 999 84 76

ТОО «AsRoom», БИН 191240025943 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарка, ул.Кенесары, д.36. Тел.: 8 778 999 84 76

«GED Stroy Service» ЖШС, БСН 220340024637 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жаһанша Досмұхамедұлы көшесі, 6 ғимарат. Тел.: 8 775 333 44 42

ТОО «GED Stroy Service», БИН 220340024637 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байконыр, ул. Жаһанша Досмухамедулы, зд.6, тел.: 8 775 333 44 42

«ONLINEB2B» ЖШС, БСН 160440018622 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Қасым Аманжолов көшесі, 26/2 үй. Тел.: 8 701 555 39 21

ТОО «ONLINEB2B», БИН 160440018622 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарайшык, ул.Касым Аманжолов, д. 26/2, н.п.3, тел.: 8 701 555 39 21

«Zamira Group» ЖШС, БСН 210740005841 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 10 үй, 344 пәтер. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «Zamira Group», БИН 210740005841 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Түркестан, д. 10, кв.344. Тел.: 8 707 268 56 14

«Karina Consulting» ЖШС, БСН 230540034712 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 5/4 ғимарат, 1 т.е. үйжәй. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «Karina Consulting», БИН 230540034712 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Сарайшық, здание 5/4, н.п. 1. Тел.: 8 707 268 56 14

«TF Development» ЖШС, БСН 210740005900 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 5/4 ғимарат. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «TF Development», БИН 210740005900 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул. Сарайшык, здание 5/4. Тел.: 8 707 268 56 14

«Global Nurali» ЖШС, БСН 210840012114 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Алматы көшесі, 13 үй, 460 кеңсе. Тел.: 8 777 180 95 69

ТОО «Global Nurali», БИН 210840012114 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течении двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Алматы, д. 13, офис 460. Тел.: 8 777 180 95 69

«Tenderbot Consulting» ЖШС, БСН 180640014175 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шевченко көшесі, 10 үй, 2 т.е. үйжәй. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «Tenderbot Consulting», БИН 180640014175 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Сарыарка, ул. Шевченко, д. 10, н.п. 2. Тел.: 8 707 268 56 14

«MiRent» ЖШС, БСН 220140010550 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоныр ауданы, Пушкин көшесі, 24 ғимарат. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «MiRent», БИН 220140010550 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байконыр, улица Пушкина, здание 24. Тел.: 8 707 268 56 14

«SerikAvto» ЖШС, БСН 171140038988 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Манас көшесі, 20/1 үй. Тел.: 8 707 268 56 14

ТОО «SerikAvto», БИН 171140038988 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, ул. Манаса, д. 20/1. Тел.: 8 707 268 56 14

«Бозак» ЖШС, БСН 160440013453 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Уркер тұрғын ауданы, Сыпатай Батыр көшесі, 6 үй. Тел.: 8 747 500 02 56

ТОО «Бозак», БИН 160440013453 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ж/м Уркер, ул. Сыпатай Батыр, д. 6, тел.: 8 747 500 02 56

«Ais Avto» ЖШС, БСН 251140019473 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қосшы қаласы, Ұлы дала көшесі, 71 үй. Тел.: 8 701 450 16 67

ТОО «AisAvto», БИН 251140019473 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Косшы, ул. Улы дала, д. 71, тел.: 8 701 450 16 67

«МК Экстра Ломбард» ЖШС сатып алынбай қалған кепіл мүлкін голландиялық әдіс бойынша сатуға арналған сауда-саттықтың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сауда-саттық мына мерзімдерде өтеді:
— 2026 жылғы 02–06 ақпан,
— 2026 жылғы 09–13 ақпан,
— 2026 жылғы 16–20 ақпан,
— 2026 жылғы 23–27 ақпан аралығында,
сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін, мекенжайы: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11.

ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества, который состоится:

с 02 по 06 февраля 2026 г,
с 09 по 13 февраля 2026 г,
с 16 по 20 февраля 2026 г,
с 23 по 27 февраля 2026 г,
с 10:00 до 13:00
по адресу: г. Астана, ул. Керей и Жанибек хандар 11.

## ХАБАРЛАМА

**2026 жылғы 1 наурызға тағайындалған Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округінің шекарасы, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, олардың орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңы 13-бабының 4-тармағына, 14-бабының 2 және 8-1-тармақтарына, 22-бабына, «Тайтөбе ауылы әкімінің өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауын тағайындау және әкім сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы», Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №3/21 қаулысына сәйкес, Тайтөбе ауылы әкімінің сайлауы бойынша сайлау округінің шекарасы туралы, сондай-ақ аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, олардың орналасқан жері мен жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз.

**Сайлау округінің шекарасы**

Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы

Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

**Орналасқан жері:** Қосшы қ., Республика к-сі, 46, Қосшы қаласы әкімдігі шаруашылық басқармасының ғимараты, 2-қабат, тел.: 8 (71651) 79-1-08.

**Комиссия төрағасы:** Баталов Болат Сәбитұлы;

**Төрағаның орынбасары:** Әлібекова Миркен Төреғалиқызы;

**Хатшы:** Елубай Ерболат Мағжанұлы;

**Комиссия мүшелері:** Поспелова Наталья Александровна, Сүлейменов Нұрбек Мұратұлы, Борашева Әлия Қалхаманқызы, Ержанова Сәруар Қасымқызы.

**№751 учаскелік сайлау комиссиясы**

**Орналасқан жері:** Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы, Кенесары хан көшесі, 15. Тайтөбе ауылы орта мектебінің ғимараты, тел.: 8 775 502 09 26.

**Комиссия төрағасы:** Досмағанбетов Мұсабек Шуақбайұлы;

**Төрағаның орынбасары:** Ахметова Кәмшат Ғабиденқызы;

**Хатшы:** Қабденова Гүлнәз Қабдрахманқызы;

**Комиссия мүшелері:** Нұржанова Райхан Тасжанқызы, Темірғалиева Баян Қаиржанқызы, Балабеков Ербол Ғабдоллаұлы, Катешов Әзілхан Танатханұлы.

**Аумақтық және учаскелік сайлау комиссиясының жұмыс кестесі: күн сайын демалыссыз, сағат таңғы 9:00-ден кешкі сағат 18:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден сағат 14:00-ге дейін.**

**Қосшы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**

## СООБЩЕНИЕ

**о границе избирательного округа по выборам акима села Тайтобе города Косшы, назначенных на 1 марта 2026 года, составе территориальной и участковой избирательных комиссий, местах их нахождения и времени работы**

В соответствии с пунктом 4 статьи 13, подпунктами 2 и 8-1 статьи 14, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановлением Косшынской городской территориальной избирательной комиссии №3/21 от 21 января 2026 года «О назначении выборов акима села Тайтобе в связи с истечением срока полномочий акима села Тайтобе и об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима», сообщаем о границе избирательного округа по выборам акима села Тайтобе, а также о составе территориальной и участковой избирательных комиссий, местах их нахождения и времени их работы.

**Граница избирательного округа**

город Косшы, село Тайтобе

Косшынская территориальная избирательная комиссия

**Местонахождение:** г. Косшы, ул. Республика, 46, здание хозяйственного управления акимата города Косшы, 2-этаж, тел.: 8 (71651) 7-91-08.

**Председатель комиссии:** Баталов Булат Сабитович;

**Заместитель председателя:** Алибекова Миркен Турегалиевна;

**Секретарь:** Елубай Ерболат Мағжанұлы;

**Члены комиссии:** Поспелова Наталья Александровна, Сулейменов Нурбек Муратович, Борашева Алия Калхамановна, Ержанова Саруар Касымовна.

**Участковая избирательная комиссия №751**

**Местонахождение:** город Косшы, село Тайтобе, улица Кенесары хан, 15. Здание средней школы села Тайтобе, тел.: 8 775 502 09 26.

**Председатель комиссии:** Досмаганбетов Мусабек Шуакбаевич;

**Заместитель председателя:** Ахметова Камшат Габиденовна;

**Секретарь:** Кабденова Гулназ Кабдрахмановна;

**Члены комиссии:** Нуржанова Райхан Тасжановна, Темиргалиева Баян Каиржановна, Балабеков Ербол Габдуллаевич, Катешов Азилхан Танатханович.

**График работы территориальной и участковых избирательных комиссий: ежедневно без выходных с 9:00 утра до 18:00 часов вечера с перерывом на обед с 13:00 до 14:00 часов.**

**Территориальная избирательная комиссия города Косшы**

**Қосшы қаласы сайлау учаскесінің шекаралары туралы**
**ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 21-бабының 4-тармағына және 22-бабына, сондай-ақ «Тайтөбе ауылы әкімінің өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты сайлауды тағайындау және әкім сайлауын аяқтау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қосшы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 21 қаңтардағы №3/21 қаулысына, сондай-ақ 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №04-06 «Сайлау учаскелерін құру туралы» Қосшы қаласы әкімінің шешіміне сәйкес, Тайтөбе ауылы сайлау учаскесінің шекарасын хабарлаймыз.

**№751 сайлау учаскесі**

Орналасқан жері: Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы, Кенесары хан көшесі, 15. Тайтөбе ауылы орта мектебінің ғимараты, тел.: 8 775 502 09 26.

**Қосшы қаласының әкімі**

**СООБЩЕНИЕ**
**о границах избирательного участка города Косшы**

В соответствии с пунктом 4 статьи 21 и статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановлением Косшынской городской избирательной комиссии №3/21 от 21 января 2021 года «О назначении выборов акима села Тайтобе в связи с истечением срока полномочий акима села Тайтобе и об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима», решением акима города Косшы от 29 декабря 2022 года №04-06 «Об образовании избирательных участков» сообщаем границы избирательного участка села Тайтобе.

**Избирательный участок № 751**

Местонахождение: город Косшы, село Тайтобе, улица Кенесары хан, 15. Здание средней школы села Тайтобе, тел.: 8 775 502 09 26.

**Аким города Косшы**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде (биыл 5 ақпанда) 2005 жылы Будапештте сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде құрылған Дүниежүзілік сайлау күні атап өтіледі.

Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеудің бастамашысы – Қазақстан Республикасы толық құқылы мүшесі саналатын Еуропа елдерінің сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы (АӘҚБ). Дүниежүзілік сайлау күні азаматтардың сайлауға қатысу құқығын және демократиялық азаматтық құқық пен бостандықты құрметтеуді білдіреді. Сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласындағы мамандар Дүниежүзілік сайлау күнін құра отырып, азаматтардың сайлау құқығын қамтамасыз ету және сайлау үдерістерін жетілдіру мәселелеріне назар аударудың бір мақсатын көздеді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі қағидаты ретінде еркіті сайлауды, ал егемендікке ие әрі мемлекеттік биліктің бірден-бір көзі – халық екенін анықтады. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы Қазақстан Республикасының 18 жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығына кепілдік береді. Сайлауға сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі бола отырып, өзі қабылдаған еркіті және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі барлық міндеттемелерді ұстанады. Мемлекет басшысын, Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттарын, сондай-ақ аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлау біздің елімізде ұлттық заңнамаға және Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясына (1948 ж.), Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге (1966 ж.), ЕҚЫҰ Копенгаген кеңесінің құжатына (1990 ж.) енгізілген демократиялық сайлаудың жалпыға бірдей танымал принциптеріне сәйкес, ашықтық және жариялылық жағдайларында өтеді.

Сайлау және сайлану құқығы 1995 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда реттелген.

Қосшы қалалық сайлау комиссиясы Қосшы қаласының барлық азаматын осы мерекемен құттықтайды және сайлау күшті азаматтық қоғамы бар демократиялық құқықтық мемлекеттің ажырамас атрибуты екенін түсіне отырып, біздің қоғамның әрқашан демократияландыру және демократиялық құндылықтар жолымен қозғалуын тілейді.

**Қосшы қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**

# ЖИ оқушылар үшін зор мүмкіндік пе, қауіп пе?

XXI ғасыр – технологиялар ғасыры. Соңғы жылдары адам өміріне бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен еніп жатқан құбылыстардың бірі – жасанды интеллект. Қазіргі қоғамды жасанды интеллектсіз елестету қиын сияқты. Алайда ол медицинада, өндірісте, ғылымда ғана емес, білім беру саласында да кеңінен қолданыла бастады. Әсіресе мектеп оқушылары күнделікті оқуда түрлі жасанды интеллект құралдарын пайдаланып жүр. Бұл үрдіс бір жағынан үлкен мүмкіндік болса, екінші жағынан ойлануды қажет ететін қауіптерді де бірге ала келеді.



Алдымен жасанды интеллект оқушы білімді өз қарқынымен меңгеруге мүмкіндік береді. Әр баланың қабылдау қабілеті мен түсіну деңгейі әртүрлі. Бірі тақырыпты бірден ұқса, енді бірі бірнеше рет қайталауды қажет етеді. Жасанды интеллект осы айырмашылықты ескеріп, тапсырмаларды жеке бейімдеп ұсына алады. Бұл – оқушының өзіне деген сенімін арттырып, оқу үдерісіне қызығушылығын күшейтеді.

Сонымен қатар жасанды интеллект күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіруге көмектеседі. Математикадағы есептер, физикадағы формулалар немесе шет тіліндегі грамматикалық ережелер оқушыға қолжетімді әрі түсінікті бола бастайды. Уақытты үнемдеу де үлкен артықшылық. Оқушы дайын ақпаратты тез тауып, негізгі назарын оны түсінуге және қолдануға бағыттай алады.

Тағы бір маңызды тұсы – шығармашылық қабілетті дамыту. Жасанды интеллект оқушыларды мәтін жазуға, идея ойлауға, жобалар жасауға ынталандырады. Дұрыс қолданылған жағдайда, ол баланың ой-өрісін кеңейтіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Алайда жасанды интеллекттің пайдасымен қатар зиянды жақтары да бар екенін естен шығармауымыз керек. Ең үлкен қауіп – оқушының өз бетінше ойлау қабілетінің әлсіреуі. Егер бала барлық тапсырмаларды дайын күйінде алып үйренсе, талдау жасау, салыстыру, ой қорыту дағдылары төмендеуі мүмкін.

Тағы бір мәселе – жалқаулыққа әкелу қаупі. Кейбір оқушы тапсырманы орындаудың орнына жасанды интеллектке толығымен сеніп, еңбектен қашуы мүмкін. Бұл білімнің үстірт болуына және жауапкершіліктің азаюына әкеп соғады.

Сонымен бірге ақпаратты шексіз пайдалану баланың психологиялық жағдайына да әсер етуі ықтимал. Экран алдында ұзақ отыру, виртуалды кеңістікке тәуелділік – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ал жасанды интеллектті бақылаусыз қолдану бұл тәуелділікті күшейтуі мүмкін.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект өздігінен жақсы да, жаман да емес. Пайдасы немесе зияны оны қалай қолданатынымызға тікелей байланысты. Егер жасанды интеллект оқушы үшін көмекші құрал, бағыт-бағдар беруші ретінде пайдаланылса, ол білім сапасын арттырып, жаңа белестерге жетелейді. Ал егер оны ойланудың орнын басатын құралға айналдырсақ, зияны басым болмақ.

Жасанды интеллект – уақыт талабы. Оны білім беру жүйесінен шеттету мүмкін емес. Шексіз әрі бақылаусыз қолдану да дұрыс шешім емес. Алайда саналы түрде қолдану – әрбір мұғалімнің, ата-ананың және оқушының ортақ жауапкершілігі. Сондықтан мектепте де, үйде де жасанды интеллектті қолдану мәдениетін қалыптастыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Мұғалім, ата-ана және оқушы бірлесе әрекет еткенде ғана жасанды интеллект білім берудегі сенімді серікке айнала алады.

**Бақыт ТҰРЫСБЕКОВА,**
**«Бизнес академия «Дара» мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

ТАҢДАУ БАР ЖЕРДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР

# МАҢҒЫСТАУЛЫҚ МЕЙМАНДАР ҚОСШЫ МЕН ТАЙТӨБЕГЕ ТАБАН ТІРЕДІ

29 қаңтарда жаңа заң саласына енетін өзгерістерге өз үлесін қосу үшін Маңғыстау өңірінің Жаңбырбай Матаев бастаған мәслихат өкілдері елордаға іссапармен келді. Ата-баба жолымен, ел салтынан аттамай, Сарыарқаның төріндегі Алашқа аты әйгілі қазақтың зиялы қауымы жатқан пантеонға барып, Ф. Оңғарсынова, сөз зергері Ә. Кекілбаев сияқты Маңғыстау өңірінің біртуар азаматтарының рухына тағзым етті.



Әруақ аттамайтын атам қазақтың жолымен, адамзат тағдырындағы, әлемдегі ең жойқын соғысты бастаған фашизмнің ұясы – зұлымдық ордасының шаңырағын шайқалтып, Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен Р. Қошқарбаевтың кіндік қаны тамған жері Тайтөбе мен Қосшы қаласына қадам басты. Бұны біз Маңғыстау өңірінің мәслихат өкілдерін бастап келген абыз қария, түркі әлеміне еңбегі сіңген атақты алаштанушы (түрколог) Жаңбырбай Матаевтың көрегендігінің бір көрінісі деп түсінеміз.

Кездесуде президент тапсырмасы бойынша қабылданатын заңдарға келелі өзгерістер енгізуге оң ықпалын тигізетін, ел әлеуеті мен әл-ауқатын арттыратын ұсыныстар талқыланды. Басқосуды ұйымдастырған Қосшы қаласы мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбековке алғыс айтқанымыз абзал болар.

Қосшы қаласы халық қалаулыларының қатысуымен өткен алқалы жиынға атсалысқан Дидар Кәкімжанов, Динара Райханова, Ақылбек Данабек және осы мақаланың авторы болды. Осы жерде бір айта кетер сөз – рухани дүниеге мұрындық болып, ат тізгінін ұстап жүрген, мәдени іс-шараларды ұйымдастырушы, келешегінен зор үміт күттіретін депутат Ақылбекті атап өткеніміз жөн болар. Келешекте Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков, Сұлтанбек Қожанов, Нұртас Оңдасынов сияқты өнерге еңбегі сіңген азаматтар қатарында болады деген үмітіміз бар. Ұлтымыздың салт-дәстүрін әлемге паш етіп, ұлықтайтын ұлы тұлға болсын деп үміт артатын азаматтар қатысты. Ол азаматты тәрбиелеп, бағыт-бағдар, пәрмен беріп жүрген Берген Жұмкейұлын атап өткен абзал.

Мәслихат төрағасының ұйғарымымен жиынға қатысқан AMANAT партиясының басшысы, әкімнің орынбасары Берген Жұмкейұлы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және тағы басқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып, қабылданып, ұсыныстар берілді.

Мәдениет ошағының басшысы, депутат Ақылбек бастаған ұжым қызмет етті. Атап айтсақ, әншілер мен асабалар, кітапхана мамандары сияқты мәдени нысандардың жұмысы көпшіліктің көңілінен шықты.

Жиында Қосшы қаласы мәслихатының атқарған іс-шаралары баяндалды. Мәслихатаралық тәжірибе алмасу – өте үлкен бастама. Еліміздегі алғашқылардың бірі деп те айтуға болады.

Келген қонақтар батыс өңірде өтетін көрісу амалын дәріптеу, ғылыми, мәдени, рухани салада тәжірибе алмасу мақсатында, сонымен қатар алаштану, абайтану, әбіштану секілді рухани ізгіліктерді зерттеп, дәріптеу мақсатында Маңғыстау өңіріне қонаққа шақырды.

Батыс өңіріндегі Хан тоғайы жанындағы Жасқұсқа тұғырланған Бөкей ордасын құрған Жәңгір ханның еңбегі мен қазақ халқының мемлекет болып қалыптасуына жасаған ықпал-жәрдемі туралы сөз қозғалды. Бөкей әулетінің соңғы тұлғаларының бірегейі Әлихан Бөкейхановтың қасіретті тағдыры туралы да әңгіме болды. Балқан соғысының батыры, генерал-лейтенант дәрежесінің иегері Ғұбайдолла Жәңгірұлының тағдыры тілге тиек етіліп, сол кездегі мемлекетаралық қарым-қатынастар да ой талқысына түсті.

Маңғыстау түбегінің Түркістаннан басталып, Меккеге дейінгі мұсылмандардың қажылық арманына жәрдемі туралы жастарға өнегелі әңгімелер айтылды.

Ұрпақтар сабақтастығы туралы рухани дүниелер дәріптелді. Себебі ол заманда әуе, теміржол, автобан сияқты көлік қатынастары жоқ еді. Орталық Азиядан қажылық сапарға шыққан ел Маңғыстау арқылы Парсы түбегімен өтіп, қажылыққа барып, діни міндеттерін атқаратын. Абайдың әкесі Құнанбай да сол өлкемен өткен еді. Ықылым замандардан бері Маңғыстау өңірінің халқымыздың тағдырына қосқан үлесі мен маңыздылығын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес.

**Ерғали ДІЛДӘБЕК,**
**Қосшы қаласы мәслихатының депутаты**

## Памяти Калиева Артура Тлеужановича



С глубоким прискорбием сообщаем, что 19 декабря 2025 года скоропостижно скончался Калиев Артур Тлеужанович – полковник в отставке, профессиональный военный, посвятивший свою жизнь служению Родине.

Артур Тлеужанович родился 27 октября 1962 года. Среднее образование получил в Республиканской физико-математической школе города Алматы. Свою судьбу он рано связал с военной службой и в 1983 году окончил Пушкинское высшее военное училище радиоэлектроники ПВО, а в 1999 году – Военную академию ПВО.

С августа 1979 года Артур Тлеужанович проходил военную службу в Вооружённых Силах СССР, а затем – в Вооружённых Силах Республики Казахстан. За годы службы он прошёл путь от курсанта до начальника отдела боевой подготовки управления Главнокомандующего Сил воздушной обороны, занимая различные командные и штабные должности в подразделениях противовоздушной обороны.

Воинское звание полковник было присвоено ему в июле 2001 года приказом Министра обороны. Военную присягу он принял в сентябре 1979 года и на протяжении всей службы оставался верен долгу, присяге и офицерской чести.

Артур Тлеужанович отличался высоким профессионализмом, принципиальностью, ответственным отношением к службе и людям. Он внёс значительный вклад в подготовку кадров и развитие системы боевой подготовки. За безупречную службу был награждён множеством ведомственных и специальных наград СССР, Республики Казахстан и стран близкого зарубежья.

С военной службы уволен 28 января 2009 года.

Светлая память об Артуре Тлеужановиче навсегда сохранится в сердцах родных, близких, друзей и сослуживцев.

Он оставил после себя доброе имя, пример служения государству и настоящие офицерские ценности.

**С глубоким уважением**
**и скорбью – семья Калиевых**

# Мектебіміздің мақтанышы тоғызқұмалақтан топ жарды

Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Ұлттық ойын – ұрпақ санасында» атты мектепшілік тоғызқұмалақ жарысы ұйымдастырылды.





Мектеп директоры Оксана Раеваның қолдауымен ұлттық зияткерлік ойынды насихаттауға бағытталған бұл іс-шараға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алтынбек Опабеков атсалысып, қолдау білдірді.

Жарыстың негізгі мақсаты – оқушыларды ұлттық мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеу, тоғызқұмалақ ойыны арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, әділдік пен адал бәсекеге баулу, сондай-ақ олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Осы орайда 3-11 сынып оқушылары 4 номинация бойынша бақ сынасты.

Жарыста қатысушылар әрбір жүрісті ойланып жасап, өз білімдері мен тәжірибелерін толық көрсете білді. Әр тур тартысты өтіп, оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы айқын байқалды.

Сайыс жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылып, қазылар алқасының бақылауымен өтті. Төрешілік міндеті информатика және дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне жүктелді. Ал бас төрешілік тізгінін Қосшы қаласының ардагерлер ұйымынан ұлттық ойынды дәріптеп, тоғызқұмалақ ойынының дамуына үлес қосып жүрген Өмірбек Кенешұлы ағамыз ұстады.

Жарыс қорытындысында «Жас үміт» номинациясы бойынша 3 «Б» сынып оқушысы Адина Расул марапатталса, «Ең зерделі ойыншы» номинациясын 5 «Ж» сынып оқушысы Аяулым Қасым жеңіп алды. Ал өте жоғары деңгейде өнер көрсеткен 9 «А» сынып оқушысы Бақнұр Құрал I орын иегері атанып, кубок иеленді.

Жалпы, мектебіміздің мақтанышы Бақнұр Құрал – тоғызқұмалақ ойынынан есту қабілеті шектеулі ойыншылар арасында облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы.

**Айдынбек АНУАР,**
**Қосшы қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі тоғызқұмалақ үйірмесінің жетекшісі**

Jańa Bastau

Меншік иесі – «Bastau Media» ЖШС

Директор – Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172 )99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jańa bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz